

# 08 ЖЕЛТОҚСАН 2015

## ШЫҒАРЫЛЫМДА:

- Стратегиялық сарапшылық клуб
- Жергілікті мазмұн, ғылым және инновациялар
- Заңнама бойынша сарапшылық кеңес
- Жер қойнауын пайдаланушылардың уайымы не?
- KAZENERGY қауымдастығы кеңесінің 19-шы мәжілісі
- Наградалар
- Кадрлық тағайындаулар



## Беделді қызметкерлерге ҚР Президентінің Жарлығымен әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығы

«Қазақстан Республикасы көмірсутек әлеуетінің ғылыми негіздемесі» тақырыбындағы жұмыстар циклы үшін мұнай-газ саласының бірқатар беделді қызметкерлеріне ҚР Президентінің Жарлығымен әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Атап айтқанда:

1. Ақшолақов Орал Ақшолақұлына – «АқАй Консалтинг» ЖШС бас директорының орынбасары, геология – минералогия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Минералдық ресурстар академиясының академигі;

2. Жолтаев Герой Жолтайұлы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қ.Сәтпаев ат. Қазақ

Ұлттық зерттеу-техникалық институты» коммерциялық емес АҚ геология, мұнай және газ кафедрасының меңгерушісі, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессоры, Халықаралық минералдық ресурстар академиясының академигі;

3. Исқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты;

4. Коврижных Петр Николаевич – «Геокен» ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты;

5. Қуандықов Балтабек Мұханұлы – «Меридиан Петролеум» ЖШС президенті, геология-минералогия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы минералдық ресурстар академиясының академигі;

6. Огай Евгений Кипониевич – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ барлау және бұрғылау ғылыми-зерттеу технологиясы институты» ЖШС игеру және бұрғылау жөніндегі бас директорының орынбасары, техникалық ғылымдардың докторы.

## ӘЛЕМДІК ЭНЕРГЕТИКАНЫ ДАМУДЫҢ БОЛАШАҚ ТРЕНДИЛЕРІ



**23-қарашада KAZENERGY қауымдастығы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясымен бірлесіп «Әлемдік энергетиканы дамыту тренділері» тақырыбында Стратегиялық сарапшылық клуб мәжілісін өткізді**

Мәжіліске ҚР Президенті Әкімшілігі, ҚР Энегетика министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, «Нұр Отан» партиясы, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, ғылыми-зерттеу ұйымдары (ҚР Президенті жанындағы КИСИ, Экономикалық зерттеулер институты, Стратегиялық зерттеулер және жобалау қызметі, Экономика институты, Барлау және бұрғылау ҒЗИ, Экономикалық саясат институты, Макроэкономикалық зерттеулер орталығы), «ҚазМұнайГаз» ҰК және оның еншілес ұйымдары, Мұнай-газ өндірісі инженерлері қоғамының (SPE) өкілдері, сонымен қатар «Болашақ» қауымдастығының мүшелері қатысты.

Танымал ресейлік сарапшы, бірқатар зерттеу топтарының жетекшісі Переслегин Сергей Борисович спикер дәрежесінде сөз сөйледі. «ҚазМұнайГаз» ҰК стратегиялар және жиынтықтау-үйлестіру жұмыстары департаментінің директоры Дәрмен Сәдуақасов мәжілістің модераторы болды.

Өз сөзінде спикер басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде стратегиялық жоспарлаудың маңыздылығын атап көрсете отырып болжамдаудың әртүрлі әдістемелік тәсілдері мен құралдары (форсайт, дельфи-өдіс, имитациялық үлгілеу, дискреттік және континуалдық сценарийлер, болашақты құрылымдау) туралы әңгімелеп берді, сонымен қатар форсайт-зерттеудегі және әлемдік энергетиканың ұзақ мерзімді технологиялық болжамдарындағы өзінің нәтижелерімен бөлісті.

Сонымен қатар, С.Переслегин жаһандық энергетикалық қиындықтарды атап көрсете отырып, мұнай және экономика дағдарыстарының тарихына қысқаша экскурс жасады, оның айтуынша, қазіргі заманғы энергетика тұтынушының күнделікті талаптарының тұтас ауқымын, оның үстіне осы талаптардың болжамды өсуін қанағаттандыра алмай отыр. Мысалы, Ресейде электр энергиясының жетіспеушілігі жылына 2,2 ГВт өседі, ал әлемдік масштабта – болжам бойынша жылына 50 ГВт өседі. Мұндай жағдайда, өндірістік және коммуналдық энергия тұтынуды тежеу есебінен экономикалық

өсуді тежесе де, энергия үнемдеудің қазіргі беталысы табиғи процесс болып табылады.

Сарапшы жаһандандыру жағдайында энергия ресурстарының тапшылығымен үнемдеу арқылы ғана күресуге болмайтынын атап көрсетті, осыған байланысты әлемде жасанды түрде геосаяси және геоэкономикалық өзгерістер қалыптасуда.

Мәжілісте көмір өндірісінің ренессансы, гидроэнергетиканы экстенсивті дамыту, атом энергетикасының «төңкерісі», жаңармалы энергия көздерін инновациялық дамыту сияқты жаһандық энергетиканың баламалы ұзақ мерзімді даму сценарийі қаралды. Сөйтіп, «Энергия үнемдейтін болашақ» сценарийін іске асыру экологиялық таза энергетиканың, смарт-технологияның («ақылды» желілер және «ақылды» энергия үнемдеуші үйлер) дамуын, қатаң экологиялық нормаларды белгілеу үшін халықаралық құқық механизмдерін (эколонизм) пайдалануды болжамдайды. сети и «умные» энерго-сберегающие дома), использование механизмов международного права для установления жестких экологических норм (эколонизм).

Осы орайда, көмірсутекті ресурстарды (мұнай мен газ) базальқ энергия генерациясынан транспорттық салаға қарай бірте-бірте ығыстыра отырып және олардың салыстырмалы үлесін азайта отырып әрбір сценарийде олардың маңызды рөлі сақталатыны ерекше атап көрсетілді.

Қызу пікірталас барысында сарапшылар мұнайдың нақты бағасы туралы да сөз қозғады. Мәжіліске қатысушылардың басым көпшілігінің пікірінше, мұнайдың ағымдағы бағасы төмендетілген. Сарапшылардың бағалауынша, металл, шикізат және азық-түлік өнімдері тауарларының (уран, алтын, астық және басқасы) құнымен салыстырғанда мұнайдың тепе-теңдік бағасы бір баррельге 100 доллардан анағұрлым жоғары деңгейде болуы тиіс. Мұның өзі әлемдік балансқа қол жеткізу үшін мұнайдың бағасы көтерілуі немесе басқа шикізат тауарларының бағасы түсуі тиіс екенін білдіреді.

Толығырақ: <http://kazenergy.com/kz/press/-/113914-2015-11-26-04-27-02.html>

Мұнай-газ саласының сатып алулары үшін жергілікті мазмұнды дамыту және Жол картасы шеңберінде ҒЗТКӨ жобаларын іс жүзінде іске асыру мәселелерін кеше KAZENERGY қауымдастығында Ғылым, инновация және жергілікті мазмұнды дамыту мәселелері жөніндегі үйлесімтіру кеңесінде талқыланды.

Мәжіліс Қазақстандағы Шелл Төрағасы Данкан ван Бергеннің төрағалық етуімен, PSA, КПО Б.В., Би Джи, Аджип Қарашығанақ Б.В., NCOC, ҚМГ-өнімдері, Интергаз ОА және басқа компаниялардың топ-менеджментінің қатысуымен өтті.

Атап айтқанда, мұнай-газ компаниялары үшін АЛАШ - жеткізушілердің жаңа деректер базасын (портал) енгізу, Ұлыбританиямен инвестициялық қарым-қатынастарды дамыту бойынша әрі қарайғы қадамдар жөніндегі жоспарлар, "алғашқы тендерлер" механизмін енгізу және оның жұмыс істеуі, жер қойнауын пайдалану саласындағы сатып алуларды құқықтық реттеу, Ғылыми-технологиялық дамудың жол картасын іске асыру мәселелері және қауымдастық мүшелерінің ғылыми-зерттеу қызметтерінің нұсқалары және басқа да мәселелер талқыланды. 2016 жылғы ақпаннан бастап ТШО, КПО және NCOC үш ірі жобасының операторлары АЛАШ жүйесінің көмегімен тапсырыс беруші ұсынатын критерийлерге сәйкестігі бағаланатын тауарлар мен қызметтерді іздеу бойынша жұмыстарды (қайтадан квалификациялау) жүргізе алады деп күтілуде. Қазақстандағы жергілікті өндірісті дамыту үшін Ақтау декларациясының қағидаларын ескере отырып, мұнай-газ саласына арналған тауарлар мен жабдықтарды шығару үшін Ұлыбритания компанияларымен бірлескен жаңа кәсіпорындар құру жоспарланып отыр. 40-қа жуық ағылшын компаниялары қазақстандық кәсіпорындармен бірігіп жұмыс істеуге дайын отырғаны атап өтілді.

Толығырақ: <http://kazenergy.com/kz/press/-/113920-2015-11-26-09-42-04.html>

**ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**



**27-қарашада KAZENERGY қауымдастығында "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Еңбек және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры Винсент Спинеллидің төрағалық етуімен экология, әлеуметтік жауаптылық және ашықтық мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің мәжілісі өтті.**

Экологиялық заңнаманы өзгерту, Өндіруші саланың ашықтығы бастамасын іске асыру (ӨСАБ) және парник газдардың шығарындыларын реттеу жүйесінің жұмыс істеуі мәселелері талқыланды. Бүгінде «Кейбір заңнама актілеріне экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ҚР мәжілісінде қаралуда. Бұл құжатта ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасына экологиялық органдармен келісім жасауды және газды өртеу «сценарийінің» ауытқулары үшін жауаптылықты алып тастау, сондай-ақ газды техникалық амалсыз өртеу оқиғаларын ұлғайту көзделген. Экологияға келтірілген зиян үшін жауаптылыққа қатысты салықтық мөлшерлеме бөлігінде нормативтен тыс эмиссия үшін мөлшерлемені 10 есеге ұлғайту және мөлшерлемені мәслихаттың 20 еселік ұлғайтуы алып тасталды, сонымен бірге мемлекеттік органдар газды факелде өртеу бойынша базалық мөлшерлемені 20 есеге ұлғайтты. Бұдан әрі ЭЫДҰ елдерінің тәжірбесімен ақы мөлшерлемесінің көлемін және ластандырушы заттардың тізімін

өзгерту бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оған қоса, Қоршаған ортаны ластандырудан болатын шығынды экономикалық бағалау қағидасына өзгерістер енгізілді: негізделмеген арттырушы коэффициенттерді алып тастау, шығарындылар бойынша бірыңғай формула енгізу (стационарлық көздер/факелдер), экологиялық шығынды ҚР Салық кодексінің мөлшерлемесіне байланыстыру.

ИПДО мәселелері бойынша - KAZENERGY қауымдастығының Бас директоры Әсет Мағауовтың айтуынша, валидация қорытындысы бойынша өткен жылы, тәуелсіз аудиторлардың бағасына сай Қазақстанда өндіруші саланың ашықтығы бастамасының барлық стандарттары сақталған. Қазақстан – 2014 жылы ИПДО қағидаттарына сай есептілік жариялаған алғашқы ел. Осылайша, еліміз бастамаға қатысушы елдер арасында алдыңғы орындардың бірін иеленіп отыр. Бүгінгі күні ИПДО-ға Канада мен Норвегия сияқты ірі елдер қосылды. ИПДО туралы толығырақ <https://eiti.org/ru/Kazakhstan> сайтында. Мәжілісте көмірқышқылды (парник) газ (CO<sub>2</sub>) (шығарындыларын) эмиссиясын азайтуды реттеу жүйесінің жетіспеушіліктері қаралды. Қатысушылар қазіргі уақытта қолданылып отырған кәсіпорындарға парник газдардың шығарындыларына квота беру механизмдерін талқылады. Зиянды заттардың шығарындыларын азайту бойынша талаптар қойылмайтын ТКШ, көлік сияқты экономиканың реттелмейтін секторы CO<sub>2</sub> шығарындыларының жалпы ауқымы бойынша қомақты бөлікті құрайтыны атап көрсетілді. Бүгінгі күні KAZENERGY қауымдастығы, ҚР «Атамекен» ҰКП Энергетика министрлігімен және басқа да салалық бірлестіктермен бірлесіп қолданыстағы заңнамаға парник газдардың шығарындыларын реттеу жүйесін жетілдіру бойынша өзгерістер енгізуді қамтитын шаралар кешенін қарастырып жатыр.

**26-27 қарашада Ақтауда жеткізілім, инфрақұрылым және нарық мәселелері бойынша жұмыс тобымен кездесу өтті.**

Кездесуді Маңғыстау облысының әкімдігі, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы және БҰҰ ЕЭК Газ орталығы ұйымдастырды. Газ жеткізу инфрақұрылымы саласындағы жаңа жобалар: даму және кедергілер талқыланды. Талқылауға: Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев, БҰҰ ЕЭК тұрақты энергетика бөлімінің директоры Скотт Фостер, ҚР Энергетика министрінің орынбасары Мағзұм Мырзағалиев, Халықаралық газ одағының Бас хатшысы Торстайн Индребо, және басқалары қатысты. KAZENERGY қауымдастығы атынан атқарушы директор Рүстем Қабжанов сөз сөйледі. Өз сөзінде ол Қазақстанның газ тапшылығына ұшырап отырған өңірлері: оңтүстік, солтүстік және шығыс бөліктерін дәстүрлі ескере отырып, ҚР газ индустриясын дамытудың өзектілігін атап көрсетті. Қазіргі уақытта Қазақстанның батыс өңірі негізгі газ өндіруші өңір болып табылады, бүгінгі күні республиканың оңтүстік аудандарын батыстан газбен қамтамасыз ету үшін Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбыры іске қосылды. Оған қоса, республиканың Түрікмения, Өзбекстан және Қазақстаннан Қытайға газ тасымалдау үшін транзиттік әлеуеті бар. Каспий өңіріндегі елдермен транзиттеу және бірлескен операциялар үшін мүмкіндіктер қаралады. Қазақстандағы КСШ өндіруде қомақты ауқымды иеленетін сұйық көмірсутекті өндірумен қатар газ өндіру үлесі мардымсыз және негізгі ауқым толығымен өндіруді қолдау үшін қабатқа газ айдауға жұмсалуда. Сұйық КСШ өндіру бойынша бөлігі өткізілген соң біздің мұнай-газ компанияларымыз газ өндіруге көшуі мүмкін. Оған қоса, Р.Қабжановтың айтуынша нарықта қалыптасып отырған КСШ бағасының жағдаятын ескере отырып, газды барлау және өндіру жобаларын инвестициялау тартымдылығын арттыру мәселесін шешу қажет. Елбасының ел экономикасын әрі қарай дамыту бойынша алға қойған міндеттерін ескерсек, газ – маңызды екі аспектін – экологияға аз жүктеме түсіретін және КСШ нарығындағы күн санап өсіп жатқан сұранысты қамтитын КСШ түрі, газ (мұнай-химия, мұнай-газ және басқа өндіріске арналған отын мен ресурстың азрзанырақ түрі) Қазақстан экономикасы үшін перспективті болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда осы бағытта жұмыс істеп жатқан БҰҰ құрылымы Қазақстандағы газ жобаларын дамытуды зерттеу және шешуге көмек көрсете алар еді (газды барлау және өндіру технологиясы, тарифтік реттеу және салықтық жүктеме және мұнай-газ саласына арналған преференциялар, осы бағыттағы басқа да халықаралық тәжірибе). KAZENERGY мұнай-газ және энергетика саласының компанияларын біріктіретін қауымдастық ретінде өз тарабынан газ нарығын дамытудың барлық мәселелері бойынша шешім қарастыру және талқылау үшін алаң ретінде көмек көрсете алады және осы бағытта бірлесіп жұмыс атқаруға дайын.

## КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС



**26 қарашада Кәсіптік-техникалық кадрларды даярлау жөніндегі ұлттық кеңес ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары Д.Н.Назарбаеваның төрағалық етуімен отырыс өткізді.**

Отырыс барысында экономика салалары үшін техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру жүйесінде кадрлар даярлаудың сапасы және перспективасы бойынша 2014 жылғы Парламенттік тыңдаудағы ұсынымдардың орындалуы, ҚР білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасы туралы А.Б.Сәрінжіповтың; «Экономика салаларындағы кадрларға деген қажеттілікті бағалау» тақырыбындағы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.К.Жақұпованың баяндамалары тыңдалды. Өңірлер бөлігінде парламенттік тыңдаудағы ұсынымдар аясында Қызылорда облысында ТжКБ-ны дамытудың инновациялық әдістемелін енгізу туралы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлы әңгімеледі, ал Қостанай облысының әкімі өңірлердегі кадрларға деген қажеттілікті анықтау БҒДМБ көрсеткіштерін іске асыру механизмі тақырыбында сөз сөйледі.

Басқа қатысушылар:

Н.Әлтаев, «Атамекен» ҰКП Төрағасының Орынбасары

Э.Сәдуақасова, «Кәсіпқор» Холдингі КАҚ Басқармасының Төрағасы

С.Әбденев, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі басқарушы директоры

ТүМ.Тайтөлеев, Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжінің

директоры.

Отырыс барысында ҚР ҒБМ мүдделі меморгандармен бірлесіп салалық кеңестердің кәсіптік-техникалық кадрлар даярлау бойынша жұмыстарын жандандыру, кәсіптік стандарттар негізінде кіріктірілген модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жандандыру тапсырылды. Колледждердің материалдық-техникалық базасын дамыту, нығайту және жаңғырту шараларын қарастыру. ҰКП-ға меморгандармен бірлесіп салалық қауымдастықтар базасында ТжКБ ұйымдарын бітірушілердің біліктілігін сертификаттаудың тәуелсіз орталықтарын құру бойынша ұсыныс енгізу ұсынылды. Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне жұмыс берушілерді кадрлар даярлауға тарту бойынша жұмысты жандандыру қажет. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне меморгандармен бірлесіп мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарын өңірдің, өнеркәсіптің жекелеген салаларының кадрларға деген келешектегі қажеттілігі туралы ақпараттандыру арқылы кәсіби бағдар беру көмегімен қамтамасыз ету тапсырылды.



**Мұнайдың апатты төгілуіне дайын болу және іс-қимыл жасау мәселелерін 26-қарашада ҚР Энергетика министрлігі өртүрлі компаниялардың сарапшыларымен бірге қарады.**

Семинар ҚР мұнай-газ саласының өндіруші секторын ғылыми-технологиялық дамытудың жол картасы, 5 мақсатты секциясы – «ДЕҚОҚ және операциялар» шеңберінде жоспарланды. Іс-шарада KAZENERGY қауымдастығының Бас директоры Әсет Мағауов сөз сөйледі. Мұнайдың төгілуіне табысты іс-қимыл жасаудың негізгі элементтері, негізгі қағидаттарды белгілеу, Қазақстанның халықаралық озық тәжірибеге сәйкестігі, ҚР заңнамасымен үйлесімділік, апат кезінде іс-қимылдарды жоспарлау және іс-қимыл жасау деңгейін белгілеу; экологиялық пайданың жиынтық сомасы қаншалықты, климаттық жағдайларға байланысты іс-қимыл жасау, халықаралық жаңа технологиялар (химиялық жинағыштар) және Қазақстандағы мұнайдың апатты төгілуіне дайын болу және іс-қимыл жасау істерін ұлттық жоспарлау мәселелері басты тақырып болды.

Спикерлер:

- Хасенов Асхат Ғалымұлы, ҚР Энергетика министрлігі мұнай-газ химиясы өндірісін дамыту және техникалық реттеу департаментінің директоры.

- Құлекеев Жақсыбек Абдрахметұлы, ҚМГ барлау және бұрғылау технологиялары ҒЗИ Бас директорының кеңесшісі

- Питер Тэйлор, OSPRI менеджері

- Стивен Слип, Өңірлік өкіл, МАТЖ жөніндегі аға маман, OSR Ltd тренері

- Ғани Жарикесов, НКОК дағдарыс жағдайларын басқару жөніндегі менеджері

Семинар барысында сарапшылар Қазақстанның іс-қимыл жасауға даярлықтың көп сатылы деңгейін, тәуекелдерді бағалауды, құралдардың болуын – мұнайдың төгілуімен күресу әдістерін (механикалық жинау, химиялық ұсақтау, мұнай дақтарын бақылап өртеу) қамтитын апатты жағдайлармен күресудің халықаралық мойындалған әдістерін қолдану мүмкіндігі қаралды. Өртүрлі әдісті пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін нормативтік-құқықтық базаны сәйкестендіру. Мемлекеттік органдардың өкілеттілігін нақты бөлу де талап етіледі. Қазіргі уақытта 1990 ж. Мұнаймен ластандыру жағдайында дайындықты қамтамасыз ету, онымен күресу және ынтымақтастық бойынша халықаралық конвенциясына уәкілетті органдармен келісім жасалуда. Каспий теңізін қорғау жөніндегі шекті конвенцияға Мұнаймен ластандыру оқиғасында өңірлік дайындық, іс-қимыл жасау және ынтымақтастық туралы Ақтау хаттамасына 2011 жылы қол қойылды және бекітілу сатысында. Каспий теңізін төтенше жағдайда мұнаймен ластандырудан қорғау бойынша ынтымақтастықтың өңірлік жоспары Ақтау хаттамасы күшіне енген соң қолданылады.

## Жер қойнауын пайдаланушылардың уайымы не?



Мұнай-газ компаниялары қазіргі баға жағдаятында салық мөлшерлемесін, сол сияқты жер қойнауын пайдаланушыларға қысым жасайтын салық заңнамасының жекелеген қағидаларын қоса алғанда, салық жүктемесін оңтайландыру қажет екенін атап көрсетті. Атап айтқанда, мұнай мен қара түсті мұнай өнімдеріне салынатын экспорттық кедендік баж салығының мөлшерлемесінің жеткіліксіз азайтылуы, отандық және шетелдік мұнай өнімдерінің акциздерінің айырмасын жою қажеттігі, өнімді өз құнынан төмен бағамен өткізгенде салық салынуы мәселелері. 2-желтоқсанда KAZENERGY қауымдастығы Мұнай-газ саласын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесі және «Атамекен» ҚР ҰКП Президиумы Мұнай-газ өндірісі комитетінің мәжілісінде осы мәселелер көтерілді. Мәжіліске «ҚазМұнайгаз» ҰК» АҚ Басқармасының Төрағасы Сауат Мыңбаев төрағалық етті, оған ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Энергетика министрлігі, «Атамекен» ҚР ҰКП, жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың және басқаларының өкілдері қатысты.

Сондай-ақ, кездесуде жер қойнауын пайдаланушылардың рентабельдігі төмен

кен орындары үшін ПҚӨС төмендетілген мөлшерлемесін қолдану туралы өтініштерін жеделдетіп қарау қажеттігі айтылды.

Оған қоса, экологиялық заңнама өзгерістері, ЖМҚ мен мұнай базаларында мұнай өнімдерін есепке алатын бақылау құралдарын енгізу талқыланды. Магистралдық құбырлардың бірыңғай операторын құру мәселесі қаралды, жер қойнауын пайдаланушы компаниялар жеткізілімдердің сенімділігі мен қауіпсіздігі өздері үшін басымдық болып табылатынын және дәл қазіргі уақытта «ҚазтрансОйл» АҚ осы мәселелерді шешуді қамтамасыз етіп отырғанын атап көрсетті.

Мәжілісте KAZENERGY қауымдастығы «Жер қойнауы туралы» кодексін әзірлеуге бағытталған мақсатты жобаларды іске асыру, Қазақстан Республикасының «Салық кодексіне» және «Трансферттік баға белгілеу туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, техникалық реттеу саласындағы қызметтерге қатысты БҚАЖ құру бойынша зерттеулер жүргізу бойынша есеп берді.



### Тимур Құлыбаевтың төрағалық етуімен KAZENERGY қауымдастығы кеңесінің 19-шы мәжілісі өтті.

Кеңеске қатысушылар Атыраушы комитеттің 2015 жылы атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдады. Жылдық жұмыс жоспары, қауымдастықтың мақсатты жобаларының тізімі және 2016 жылғы бюджет бекітілді. Биыл қауымдастық жер қойнауын пайдалану шарттарын, салалық компаниялардың салық жүктемесін азайту, экология және электр энергетикасы саласындағы заңдарды жетілдіру мәселелерін қарастырды. Сондай-ақ, мұнай-газ және энергетика саласының адами капиталды дамыту саласындағы жобалар іске асырылды, олар: білім беру жобалары, қосарлы оқыту жүйесі және басқасы.

Оған қоса, мәжілісте магистралдық құбырлардың бірыңғай операторын құру және Қазақстан Республикасын газдандыру бағдарламасын іске асыру мәселелері көтерілді. Жер қойнауын пайдаланушы компаниялар мұнай тасымалдауда жеткізілімдердің сенімділігі мен қауіпсіздігі ең басты басымдық болып табылатынын атап көрсетті. Қазіргі уақытта, «ҚазТрансОйл» АҚ осы талаптарды толық қанағаттандырып отыр.

Сондай-ақ, магистралдық мұнай мен газ құбырлары нысандарының негізгі жабықтары құрамы және қолданылу қағидаты жағынан мүлдем өзгеше. Қызмет жасау шығындары талап етілетін нормативтерге сәйкес жүргізілуі маңызды, осыған сәйкес, бірыңғай оператор құрған кезде шығындарды азайтуға синергетикалық әсер ету мүмкін емес. Республиканың ішкі сұраныстарын қамтамасыз ету үшін тауарлық газды сатып алу рәсімі де бірталай сұрақтар туғызып отыр. Қазіргі уақытта ұлттық оператор ішкі нарықта өткізу үшін және экспортқа сату үшін мемлекет тарабынан ұсынылған басым құқық шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардан газдың толық ауқымын сатып алып жатыр. Осы орайда, ішкі нарық сұранысы тауарлық және ішкі газ өндірісінен артық. Алайда, ұлттық оператордың жер қойнауын пайдаланушылардан газ сатып алу бағасы төмен және олар газдың артық ауқымын өз бетінше экспорттай алмайды.

Осыған байланысты, ішкі нарық сұранысы үшін сатып алынатын газ ауқымын әрбір жер қойнауын пайдаланушы компания бойынша бөлу, сонымен қатар, нарық жағдаятындағы өзгерістерді ескере отырып баға белгілеуді қалыптастыру ұсынысымен Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне мәлімдеме жасау ұсынылды.

## ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫН ДАМУТ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ

### 3 желтоқсанда А. Сәтқалиевтың төрағалық етуімен өткен KAZENERGY Энергетика саласын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің биылғы жылғы соңғы мәжілісі аяқталды.

ҮК мүшелері KAZENERGY Энергетика саласын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің істелген жұмыстарының нәтижесін және 2016 жылға арналған жоспарын талқылады.

Биыл «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасы талқыланды, саладағы тариф белгілеу тармақтары қаралды. Бәсекелес баға белгіленетін нарық моделі ұсынылды, нарықтың тиімдірек жұмыс істеу формасы бойынша талқылаулар жүргізілді, қабылданған түзетулерге сәйкес электр энергиясы және қуаттылық нарығының жұмыс істеу мониторингі бойынша коммерциялық ұйым құрылатын болды. Үйлестіру кеңесінің алаңында саланың жүйелік мәселелерін шешуге арналған ҚР ЖЭК 2030 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасына сай ұлттық оператордың негізгі жұмыс істеу қағидалары талқыланды. ЭЖАУ электр энергетика факультеті деканының орынбасары А.А.Саухимов электр

желілерін интеллектуалдандыру стратегиясын іске асыру туралы баяндама жасады. Оның мәні – сенімділік, үнемділік және қауіпсіздік критерийлеріне сай алгоритмдер базасында активті және реактивті қуаттылық ағындарын таратуды тиімді басқару. American Electric Power тәжірибесін «Атырау-Жарық» АҚ енгізуі негізінде мысал келтірілді. Қазақстанның әзірленіп жатқан ҒЭЖ режимдерін бейімдеп басқару жүйесі транспорттық электр желілерінің өткізу қабілетін барынша пайдалана отырып тұрақтылықты сақтау және нақты уақытта басқару әсерін жасау бойынша талаптарға сай болады. Осы стратегия қазіргі смарт-технологиялар мен нақты уақыт режимінде электр желілерін басқару бойынша инновациялар енгізу талаптарына сәйкес келеді және мәжіліс қатысушыларына қолдау көрсетеді.

# ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ХАРТИЯ (ЭХ) КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ 26-ШЫ СЕССИЯСЫ



**Биылғы жылдың 3 – 4 желтоқсанында Грузияда Энергетикалық Хартия (ЭХ) конференциясының 26-шы сессиясы өтті.**

Грузия - Энергетикалық Хартияның 2015 жылғы төрағасы. Іс-шараға жоғары лауазымды қонақтар, үкімет мүшелері, халықаралық ұйымдардың және қаржы институттарының өкілдері қатысты. Қазақстан Республикасы атынан ҚР Энергетика Бірінші вице-министрі Ұзақбай Қарабалин, KAZENERGY Энергетикалық Хартия бойынша Басшысы Клара Рахметова, «KEGOC» АҚ Басқармасының Төрағасы С.И.Катышев қатысты.

Энергетикалық Хартияны жаңартуға қатысты мәселелер қаралды, Энергетикалық Хартия елдеріндегі энергия тиімділігі бойынша тереңдетілген шолу жүргізілді, жүргізілген шолуларда берілген ұсыныстардың тиімділігін бағалау үшін әрі қарай мониторингілеу мәселелері, Конференцияның таяудағы жылдардағы басымдықтары талқыланды, Бас хатшы, д-р Урбан Руснак және жұмыс тобы ұсынған келешек перспективаларын қоса алғанда, 2015 жылғы қызметтері туралы есеп тыңдалды. Еуропалық комиссия өзінің Шығыс серіктесі елдеріндегі және Орталық Азия елдеріндегі Энергетикалық ынтымақтастық бағдарламасын ұсынды, серіктес елдер өңірдегі ұзақ мерзімді энергетикалық даму бағдарламаларын нығайтуға Энергетикалық Хартия шеңберіндегі елеулі толық пайдалануға және белсенді қатысуға шақырды.

Конференцияның министрлік бөлігі Грузия Премьер-министрі Ираклий Гарибашвилидің қатысушыларға арналған ресми сөйлеген сөзімен ашылды. Қазақстан Республикасы атынан ҚР Энергетика Бірінші вице-министрі Ұзақбай Қарабалин құттықтау сөз сөйледі.

Конференция барысында қатысушылар энергия тасымалдаушылардың трансшекаралық сауда-саттығы,

энергетикалық нарықты біріктіру және таза әрі тұрақты энергетиканы инвестициялау арқылы өңірлік ынтымақтастықты ілгері бастыруға байланысты мәселелерді талқылауға арналған жаһандық форумды қамтамасыз ету мәселелері бойынша пікір алмасты. Талқыланатын негізгі тақырыптар:

- ЭХ шеңберіндегі өңірлік ынтымақтастықтың басымдығын әрі қарай ілгері бастыру;
- өңірлік энергетикалық пул құруды, энергетикалық қауіпсіздікті және сенімді әрі қол жетімді электр энергиясын қамтамасыз ету құралы ретінде электр энергиясы саудасын және өзара байланысты қолдау қажеттілігі;
- энергия тасымалдаушыларын тасымалдау, транзиттеу және саудалауды дамытуға көмектесу үшін көпжақты құқықтық базаны құру қажеттілігі;
- жаңармалы энергия көздерін тығыз интеграциялауда өңірлік ынтымақтастықтың басымдығы;
- жаңармалы энергетикаға және энергия тиімділігіне қажетті инвестицияларды белсенді ілгері бастыру және ұлғайту.

2016 жылы төрағалық ету Жапонияға беріледі.

Қазақстан 2014 жылы Энергетикалық Хартия Конференциясының Төрағасы болғанын естеріңізге саламыз. Өткен жылдың қараша айында KAZENERGY қауымдастығы Қазақстан Үкіметімен бірлесіп Астанада Энергетикалық Хартия Конференциясының 25-ші сессиясын өткізді.

## МЕДАЛЬМЕН НАГРАДТАУ САЛТАНАТЫ



9.12.15ж. Қауымдастық кеңесінің мәжілісінде медальмен наградтау салтанаты өтті

Экономиканы және жеке кәсіпкерлікті дамытуға сіңірген еңбегі үшін ҚР ҰКП «Өз ісіне адалдығы үшін» III дәрежелі медальмен KAZENERGY қауымдастығының Бас директоры Әсет Мағауов наградталды.

Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетика кешенін дамытуға сіңірген еңбегі және кәсіпқойлығы үшін және



қауымдастықпен белсенді ынтымақтастық еткені үшін «KAZENERGY» медальмен төмендегі тұлғалар наградталды: С. Мыңбаев - «ҚазМұнайГаз» ҰК»

АҚ Басқармасының Төрағасы, Ж.Сәрсенов-Қауымдастық Төрағасының орынбасары, Д. Абылғазин – ҚР ҰКП Президиумының мұнай-газ өндірісі комитетінің төрағасы, Б.Қажиев - «KEGOC» АҚ

Басқармасының төрағасы, Стефан де Майё - NCOC Басқарушы директоры, Д. Тиесов - «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ бас директоры, Б. Ақшолоқов - "Алмэкс Плюс" АҚ

төрағасы, Питер Костелло –BG Kazakhstan Президенті, А.Жакиев - «Теңізшевройл» ЖШС Бас директорының орынбасары, К.Оразбаев - «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) Бас директоры, Е. Зікібаев - Chevron компаниясы қоғамдастықпен байланыс жөніндегі бөлімінің директоры.



# МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДТАУ САЛТАНАТЫ



**Қазақстанның Тәуелсіздік Күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Президентінің Төрағасы, KAZENERGY Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының Төрағасы Тимур Құлыбаев мемлекеттік награда салтанатын өткізді.**

Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлының 2015 жылғы 3-желтоқсандағы № 124 Жарлығымен мемлекеттік және қоғамдық қызметтері үшін, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға зор үлес қосқаны үшін «Парасат» орденімен төмендегі тұлғалар наградалды:

- Жамболат Сәрсенов, KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының орынбасары;
- Данияр Абылғазин, KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының кеңесшісі, ҰКП президиумы мұнай-газ өндірісі комитетінің төрағасы;
- Юрий Лавриненко, «KAZLOGISTICS» Қазақстан транспортшылар одағы президиумы Төрағасының орынбасары.

Экономика, әлеуметтік сала, ғылым және мәдениет, білім беру саласына еңбек сіңіргені үшін, мемлекеттік органдарда үлгілі қызмет еткені және қоғамдық қызметтерді белсене атқарғаны үшін «Құрмет» орденімен төмендегі тұлғалар наградалады:

- Орақ Құдайберді, "ҚазақТүрікМұнай" БК ЖШС Бас директоры;
- Рзабек Артығалиев, "Теңізшевройл ЖШС үкіметпен және қоғамдастықпен байланыс жасау жөніндегі бөлімнің басшы менеджері;
- Ғалымжан Амантұрлин, 4-ші МӨЗ жобасы бойынша департаменттің

директоры, «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ бас директорының кеңесшісі

«Ерен еңбегі үшін» медалі «Алматы вентилятор зауыты» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы Марат Баққұловқа берілді.

Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы «Та-Мак» ЖШС (Жамбыл облысы) директоры Гүлмира Конкашеваға берілді.

«Атамекен» ҚР ҰКП «Өз ісіне адалдығы үшін 1-дәрежелі» медалімен экономиканы және жеке кәсіпкерлікті дамытуға жеке үлес қосқаны үшін «Атамекен» ҚР ҰКП тау-кен және металлургия өндірісі комитетінің Төрағасы Николай Радостовец наградалды. Сондай-ақ, 60 жылдық мерейтойына орай Николай Владимировичке Т.Құлыбаевтың қолы қойылған құттықтау адресі табысталды.

«Атамекен» ҚР ҰКП «Өз ісіне адалдығы үшін 3-дәрежелі» медалімен төмендегі тұлғалар наградалды:

- Нұрлан Құдайбергенов, ҚР ҰКП Тексеру комиссиясының төрағасы;
- Елдос Рамазанов, «Атамекен» ҚР ҰКП аппаратының басшысы;
- Нұрлан Сакуов, «Атамекен» ҚР ҰКП Өңдеу өндірісі комитеті хатшылығының хатшысы;
- Нұргүл Жанарбаева, «Атамекен» ҚР ҰКП кедендік әкімшілік ету департаментінің 1-санатты сарапшысы;
- Данияр Әкежанов, «Атамекен» ҚР ҰКП персоналды басқару департаментінің 1-санатты сарапшысы.

KAZENERGY қауымдастығының 10 жылдығына орай, Қазақстан Республикасы мұнай-газ және энергетика кешенін дамытуға сіңірген еңбегі және кәсіпқойлығы үшін, сонымен қатар қауымдастықпен белсене қызмет атқарғаны үшін Мерейтойлық медальмен мына тұлғалар наградалды:

- Сауат Мыңбаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы;
- Қуандық Құлмұрзин, ҚР Энергетика министрлігі мұнай-газ өндірісі департаментінің директоры;
- Махамбет Батырбаев, ҚР еңбек сіңірген мұнайшысы;

- Гүлдана Мусалим, KAZENERGY қауымдастығы төрағасының кеңесшісі, KAZENERGY қауымдастық кеңесінің және наградалар комитетінің хатшысы;
- Рамазан Жампейісов, KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры;



- Тоғжан Қожалиева, KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры, KAZENERGY ҚҚ Президентінің м.а.;
- Ляззат Ахмұрзина, директор KAZENERGY қауымдастығы адами капиталды дамыту жөніндегі департаментінің директоры, KAZENERGY ҚҚ атқарушы директоры;
- Дәмелі Бакиева, KAZENERGY қауымдастығы Төрағасы орынбасарының кеңесшісі;
- Маржан Еркішева, KAZENERGY қауымдастығының бас есепшісі;
- Талғат Ибрагимов, KAZENERGY қауымдастығының аға заңгері.

Наградаларыңыз құтты болсын, ортақ істе табыстан табысқа жете берулеріңізге тілектеспіз!

## Теңізшевройл

Тэд Этчисон «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) бас директоры қызметіне тағайындалды. Бұрын ол ТШО басшы менеджері қызметін атқарды және кейіннен Chevron Еуразиялық бөлімшесінің басқарушы директоры болған Тим Миллердің орнына келді.

## ҚазТрансОйл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2015 жылғы 14-желтоқсандағы Директорлар Кеңесінің шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Қайыргелді Қабылдиннің өкілеттілігі өзінің өтінішіне сай мерзімінен бұрын тоқтатылды. 2015 жылғы 16-желтоқсаннан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) қызметіне Нұртас Шманов сайланды. Бұл жөнінде компанияның баспасөз қызметі хабарлады.

Шманов Нұртас Нұрибекұлы 1956 ж. Атырау қ. туған, Уфа мұнай институтын «Мұнай-газ құбырларын, газ қоймаларын және мұнай базаларын жобалау және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген, Қазақ мемлекеттік академиясы жанындағы Нарық институтын (мамандығы – қаржы және кредит), Массачусетт университетін (Бостон, АҚШ) аяқтаған.

36 жылға жуық Қазақстан Республикасының құбыр тасымалы саласында жұмыс істейді, негізгі технологиялық жабдықтарды жөндеу бойынша слесарьдан бастап бірқатар компаниялардағы басшы қызметтерге дейін еңбек жолынан өткен. Н.Н. Шманов – әулетімен мұнайшы. Оның әкесі Нұрибек Нәбиұлы - сала ардагері, өзінің тәжірибесі мен білімін практикалық еңбекке пайдаланған, «қауырт» магистралдық құбырларды пайдалану мәселелерін зерттеген бірінші ғалым қазақ. «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай айдайтын станцияларының біріне Нұрибек Шмановтың есімі берілген.

Қайыргелді Қабылдин ҚТО бас директоры қызметін 2011 жылдан бастап атқарды, 30 жылдан бері Қазақстанның мұнай-газ секторында жұмыс істейді, оған дейін "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ басқарма төрағасы қызметін атқарған.

## ҚазТрансГаз

"ҚазТранс Газ" АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) қызметіне Рустам Сулейманов тағайындалды деп хабарлады компанияның баспасөз қызметі. Р.Сулейманов осы

қызметке 2014 жылғы 11-желтоқсанда тағайындалған, «ҚазТрансГаз" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалған Қайрат Шәріпбаевтың орнына келді. Р.Сулейманов осы қызметке тағайындалғанға дейін "ҚазТрансГаз" АҚ бас директорының маркетинг және коммерция жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

## Маңғыстаумұнайгаз

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қоғамдағы жаңа кадрлық тағайындаулар туралы жариялады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жоғарғы звено басшыларының және бөлімше басшыларының құқықтарының үш жылда бір рет кезектесуі акционерлер келісімінің ережелерінде көзделгені өздеріңізге белгілі. Осылайша, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры қызметіне бұрын бас директордың бірінші орынбасары қызметін атқарған Бақыт Иманбаев тағайындалды. Ал «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры қызметін атқарған Сунь Синъюнь бас директордың бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды.

## NCOC

Бруно Жардэн 2013 жылдан бері атқарған ExxonMobil Kazakhstan Inc. басшысы қызметінен кетіп, NCOC Басқарушы директоры қызметіне тағайындалды. Оның кандидатурасын консорциум акционерлері бірауыздан қолдады. Компанияны бұған дейін Стефан де Майе басқарған болатын. Бруно Жардэннің мұнай операциялары бойынша ірі жобалардағы басшылық қызметтерде отызжылдық халықаралық тәжірибесі бар.



**2015 жылғы KAZENERGY жанындағы сарапшылық мұнай-газ мамандардың бірлескен кеңейтілген мәжілісі өтті.**

Күн тәртібінде өзекті де маңызды тармақтар болды, атап айтқанда, экологиялық заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жоспары мен жұмыс нәтижелері, ілеспе газды жағуға берілген рұқсатнамалардың қолданылу мерзімін ұлғайту мүмкіндігі сөз болды. Геологиялық жұмыстарды жүргізу сатысында жұмсалған шығындарды блоктар бойынша жасалған барлау келісімшарты бойынша шығындарға жатқызу мәселесі де қаралды.

KAZENERGY атқарушы директоры Заңғар Ноғайбай қауымдастықтың құқықтық, қаржы-экономикалық блогының жұмыс қорытындысын және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексі жобасын әзірлеу бойынша жұмыс жоспарын мәлімдеді.

Өз кезегінде, KAZENERGY қаржы-экономикалық талдау департаментінің директоры Нұрлан Жанекенов салық заңдарын жетілдіру бойынша қызметтердің нәтижелері және 2016 ж. жоспар туралы әңгімелеп берді. Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі тақырыбы да қатысушылардың назарына ілікті, олар мұндай беделді ұйымға мүшелік етудің ерекшелігін, оның жер қойнауын пайдалану саласына әсері мен салдарларын талқылады.

Мәжіліс барысында АҚШ-та 1981 жылы негізі қаланған Халықаралық мұнай-газ келіссөздері бойынша мамандардың қауымдастығы (ХМГКМ, AIPN) туралы ақпарат ұсынылды.

Сарапшылық кеңестің мүшелерінің кездесуі "KAZENERGY" медалімен наградтау рәсімімен аяқталды. Медальдар «ҚазақТүрікМұнай» ЖШС бас директорының кеңесшісі Николай Баевқа және «ҚазТрансОйл» АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма мүшесі Жайдарман Исақовқа берілді.



## Техникалық комитеттер



2015 жылғы 18-желтоқсанда № 89 «Мұнай мен газды барлау және өндіру техникасы және технологиясы» стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің екінші мәжілісі өтті.

Мәжіліс барысында 10 қосалқы комитеттің төрағасы, Атырау мұнай және газ институтының технологиялық машиналар мен жабдықтар кафедрасының меңгерушісі Әжікенов Нұрлан Сатымұлы сырттай таныстырылды.

2015 жылы істелген жұмыстардың қорытындысы қаралды және 2016-2017 жылдарға арналған ТК 89 жұмыс жоспары талқыланды.

2015 жылғы 11-желтоқсанда № 88 «Мұнай, мұнай өнімдері және майлау материалдары» стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің екінші мәжілісі өтті.

Онда ТК 88-дің 2015 жылы істелген жұмыстары туралы, үкіметтік емес стандарттарды әзірлеу барысы туралы есеп тыңдалды, ТК 88 2016-2018 жылдарға арналған Жұмыс жоспарының түзетулері мен толықтырулары мәселелері және қолданыстағы құрылыс нормалары мен қағидаларына өзгерістер енгізу бойынша мәселелер талқыланды.

Талқылаулар қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг» АҚ мұнай өңдейтін зауыттары мен серіктестерінің қатысуымен жұмыс мәжілісін өткізу және салыстырмалы кестеге қоса, Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстардың енгізілген толықтыруларын, өзгерістері мен толықтыруларын ескере отырып, ТК 88 2016-2018 жылдарға арналған Жұмыс жоспарын бекіту жөнінде шешім қабылданды.

## Өндіруші саланың ашықтығы бастамасы

**EITI**  
**KAZAKHSTAN**

**KAZENERGY қауымдастығының өндіруші саланың ашықтығы бастамасын іске асыру жөніндегі жұмыс тобы мәжіліс өткізді.**

Қатысушылар KAZENERGY қауымдастығына мүше компаниялар мен Жұмыс тобының өкілдерінен тұратын Ұлттық кеңестің ИПДО бойынша мүдделі тараптарының жаңа

құрамын бірауыздан бекітті. Әлеуметтік саланы қаржыландыратын компаниялардың деректерін әкімдіктердің олардың нақты игерілуі туралы берген деректерімен салыстырып, сәйкессіздіктерін анықтау мақсатында ұйымдардың әлеуметтік инвестициялары туралы деректерді салаға жұмсалған шығындардың ашықтығын қамтамасыз ету сызбасын талқылады. Сонымен қатар, қызметкерлерді 2015 жылғы ИПДО салыстыру бойынша компанияның техникалық тапсырмасын оқытуға, біліктіліктерін арттыруға және қайта даярлауға бағытталатын шығын көлемі бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың өз міндеттемелерін орындауы бойынша есептілігі туралы апаратты енгізу мәселесі де қаралды.

## KAZENERGY МАМАНДАРЫН МАРАПАТТАУ

Қауымдастық басшылығы өз қызметкерлеріне жаңажылдық көңіл-күй сыйлады. Компания мамандарын медальдармен, грамоталармен және алғыс хаттармен марапаттады.

3-дәрежелі «Өз ісіне адалдығы үшін» «Атамекен» ҚР ҰКП медалі KAZENERGY атқарушы директоры Қабжанов Рүстем Хайроллаұлына табысталды. Атқарушы директор Ноғайбай Зангар Максұтұлы кәсіпқойлығы, өз ісіне адалдығы, Қазақстанның кәсіпкерлік қауымдастығын нығайтуға және әлеуметтік дамытуға зор үлес қосқаны үшін «Атамекен» ҚР ҰКП Құрмет грамотасымен марапатталды.

**KAZENERGY медальдары төмендегі тұлғаларға табысталды:**

- Шаймұханова Рымжан Жақыпқызы, бас менеджер
  - Қарашев Талғат Қалымбекұлы, халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры
  - Бүркітбаева Анар Ермұханқызы, бас менеджер
  - Жанекенов Нұрлан Жүсіпұлы, қаржы-экономикалық талдау департаментінің директоры
  - Қалиқасқызы Жанар, KAZENERGY қоғамдық қорының бухгалтері
  - Өмірзақов Бауыржан Айдарұлы, бас менеджер
- Төмендегі тұлғаларға грамота берілді:
- Мұқажанова Әсем Нұрланқызы, менеджер
  - Дәулетова Алуа Болатқызы, бас менеджер
  - Блохина Татьяна Сергеевна, сарапшы-аналитик
  - Сасаева Айнамкөз Серікқызы, сарапшы-аналитик
  - Жұмаділова Данара Ерсайынқызы, бас менеджер

**Алғыс хаттар төмендегі тұлғаларға берілді:**

- Әбуов Ержан Қазыбекұлы, техникалық реттеу департаменті директорының орынбасары
  - Сапарғалиев Олжас Александрұлы, бас менеджер
  - Адраев Әділет Өмірәліұлы, бас менеджер
  - Абылқасым Есенжол Балтабайұлы, менеджер
  - Сәтмағамбетова Анар Андрейқызы, менеджер
  - Уәлихан Хамитов, жүргізуші-экспедитор
  - Токмачев Петр Иванович, жүргізуші
  - Рыскелдиев Нұрболат Тоқтағұлұлы, жүргізуші
  - Башаров Серік Амантайұлы, жүргізуші
- Өріптестерді құттықтаймыз және 2016 жылы жаңа табыстар тілейміз!

# СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ KPMG

**Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG 2016 ж. 1-қаңтардан бастап жаңа басқарушы серіктес тағайындалатыны туралы хабарлайды**

2016 жылғы 1-қаңтардан бастап Әсел Хаирова Грегор Моваттың орнына фирманың басқарушы серіктесі қызметіне тағайындалады.

Әсел Хаирова KPMG-де 19 жыл бойы, оның ішінде Қазақстанда 17 жыл және Лондондағы KPMG офисінде 2 жыл жұмыс істеді. Әсел 2011 жылы Астана қ. KPMG офисінің басшысы қызметіне және Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG басқарушы серіктесінің орынбасары қызметіне тағайындалды. Әсел осы қызметтерді атқара жүріп мемлекеттік органдармен және басты клиенттермен өзара әрекеттестік мәселелерін қоса алғанда, Қазақстандағы және Орталық Азиядағы фирма бизнесін дамытудың стратегиялық мәселелерін әзірлеу және шешуге белсенді атсалысты. Әсел экономиканың әртүрлі салаларындағы компаниялардың аудиті мен консалтингісі саласындағы танымал сарапшы, оның энергетика және табиғи ресурстар саласында тәжірибесі мол. Әселдің аудитор және кәсіби бухгалтер кәсіптері бойынша қазақстандық және халықаралық сертификаттары бар, ол қазақстанлық және жаһандық клиенттермен жұмыс істеуде бай тәжірибе жинақтаған.

Грегори Моваттың KPMG-дегі 17 жылдық қызметі аяқталады. Грегор KPMG серіктесі қызметін 10 жыл атқарды, оның ішінде ТМД-дағы KPMG-де 7 жыл еңбек етті. 2011 жылдан бастап Грегор Ресейдегі және ТМД-дағы KPMG қаржы департаментін басқарды. Соңғы 3 жылда Грегор Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG басқарушы серіктесі қызметін атқарды, бұл қызметте ол клиенттік базаны ұлғайтуға және фирманың Қазақстандағы және Орталық Азиядағы клиенттерге қызмет көрсетуге қатысты жұмысының тиімділігін тұрақты арттыруға көп көңіл бөлді.

2016 жылы Қазақстандағы KPMG-ге 20 жыл толады. KPMG фирмаларының халықаралық желілерінің мүшесі дәрежесінде компания 1996 жылдан бастап Қазақстандағы және Орталық Азиядағы нарықта тұрақты бизнес құра отырып және біздің клиенттерге, қызметкерлерге және қоғамдастыққа қолайлы қызметтер ұсына отырып табысты дамуда.



**KPMG «Корпоративтік есептілікті даярлау» зерттеулерінің нәтижесін ұсынады**, оның шеңберінде әлемнің әртүрлі елдерінен 90 компанияның жылдық есеп мазмұны, тәуекелдер бойынша есептілік, қызметтер нәтижесі бойынша есептілік және біріктірілген есептілік сияқты тақырыптар бойынша жылдық есептілігіне талдау жасалды. Зерттеу назарында жылдық есепте ашылатын ақпарат неге тек қысқа мерзімде шешім қабылдауға негіз болады, сонымен қатар оның мазмұны мүдделі тараптардың сұраныстарына неге толық жауап бермейді деген сұрақ болды. Осылайша, зерттеу нәтижелеріне сай:

Аудит бойынша комитеттер осы мәселені басты мәселе деп көрсеткенімен, компаниялардың тек 7%-ы клиенттердің мұқтаждығына немесе клиенттерді қызмет сапасымен қанағаттандыруға бейімделуді бағалау туралы деректер ұсынды.

Талдау жасалған есептердің 85%-ында корпоративтік абырой-бедел және бренд саласындағы тәуекелдер маңызды мәселе ретінде бөліп көрсетілмейді.

Зерттеуге қатысушы компаниялардың 21%-ы – операциялық қызметтердің тиімділігін бағалаудың ешбір критерийін көрсетпеген.

KPMG қорытындысына сай жылдық есептер тарихи деректерді қамтып ғана қоймай, менеджменттің компания болашағына көзқарасын ашып көрсетуі тиіс. Мұның бәрі инвесторларға компания қай бағытта қозғалатын және болашақта оны не күтетіні туралы толық көрініс жасауы тиіс.

KPMG корпоративтік есептілікті жетілдірудің төрт нұсқасын ұсынады:

**Қызмет көрсеткіштерін бизнес құнының фундаменталдық фактор көрсеткіштеріне байланыстыру.** Тек біршама компаниялар ғана бизнес құнын құрудың негізгі критерийлеріне қол жеткізу туралы есеп берген.

**Қаржы есептілігі – жұмыстың тек басы екенін мойындау керек.** Операциялық қызметтердің нәтижесі тарихи қаржы деректеріне қарағанда

жақсырақ, компанияның даму перспективасын көрсетеді.

**Есептің байланыстылығы мен логикалығын қамтамасыз ету: әрбір сұрақтың жауабы болуы тиіс.** Көптеген есептерде бизнесті дамытуға байланысты әртүрлі мәселелер, әсіресе басқару тәсілдері ашып көрсетілмеген.

**Есептілікті даярлау мәдениетін жетілдіру.** Компаниялар есептілікті даярлау барысында бизнеске бейімделген тәсілді пайдалантынын, мүдделі тараптардың есептілікте қандай ақпарат көргісі келетінін түсінетінін растауы тиіс.

### KPMG Oil and Gas NewsFlash

Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG Oil and Gas NewsFlash жаңа басылымын ұсынады. Oil and Gas NewsFlash сектордың әртүрлі бағыттары бойынша негізгі аналитикалық деректермен алмасу және мұнай-газ саласын тереңірек түсіну үшін даму бағдарламасы шеңберінде шығарылмақ. Ақпарда сектордың өңірлік жаңалықтарына қысқаша шолу, басты оқиғалар, жасалған және жоспарланған мәмілелер және маңызды деректер, сонымен қатар ірі мұнай-газ компанияларының рейтингілері қамтылады.

# ЖАҢА ЖЫЛЫҢЫЗБЕН!



*Құрметті қауымдастық мүшелері, серіктестер,  
әріптестер!*

*Қызығы мен қиындығы көп болған 2015 жыл да өтті. Өткенге риза болып, Жаңа жылға бәріміз таза ниетпен, нық қадаммен аттайық. Жаңа 2016 жыл жаңа бақыт, жаңа табыс әкелсін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын, ауыз бірлігіміз берік болсын! Жаңа жыл тың шығармашылық ойлар, биік кәсіби жетістіктер, керемет оң өзгерістер, жарқын кездесулер мен қуанышты оқиғалар, тамаша бастамалар мен оң шешімдер жылы болсын! Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт-береке, ырыс алып келсін.*

*Алдағы жыл тек игі жақсылықтарымен, ырыс-берекесімен, мол қуаныштарымен тәуірімізден орын алсын!*

**KAZENERGY Қауымдастығы**



KAZENERGY Қауымдастығы  
Баспасөз қызметі  
Тел: +7(7172) 710181 , 790173  
shaira@kazenergy.com